

## Шектеу іс шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 10 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 шілдеде № 23762 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 қыркүйектегі № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округі әкімінің 15.09.2021 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 4 мамырдағы № 10-14/206 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Құтыру ауруының пайда болуына байланысты Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің Бірлік ауылындағы Ленин көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Петровка ауылдық округінің әкімі*

*О. Конкабаев*